



Автор: ТЕМИРОВА БАЛТУГАН АМИРОВНА

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Жай бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Аралас сандар

Осы сабақта қолжеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.1.11. Аралас сан анықтамасын білу; 5.1.2.13 Бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру;
---	--

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (4 минут)	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру - Балалар, бір – біріңе қарап жымыңдар, жайланып отырып, көздеріңді жұмыңдар. Менің айтқанымды іштеріңнен қайталаңдар. Мен бақытты баламын, Жан дүниемде күн нұрлы Жылуым мол бойымда. Осы жылуды Жер бетіндегі барлық адамдарға жолдаймын. 3 мин Топқа бөлу: жеребе арқылы 1- Топ. Дұрыс бөлшек, 2- топ . Бұрыс бөлшек «Мен сенен сұрағым келеді» әдісімен Үй тапсырмасын жұптасып тексеру.	Шаттық шебері
Жұппен жұмыс (3 мин)	№ 402. Бөлшектерді қысқартып, дұрыс бөлшектерді, бұрыс бөлшектерді жеке-жеке теріп жазыңдар: Дескриптор: -Бөлшектерді қысқартады. -Дұрыс, бұрыс бөлшектерді жеке-жеке теріп жазады. Қалыптастырушы бағалау. Берілген есептердің инетрбелсенді тақтада жауаптары көрсетіледі,Сол бойынша тексереді. Смайликтер әдісі Түсінбедім Сұрағым бар Түсіндім Кері байланыс - Қай есеп қиындық туғызды? - Келесі жолы қате жібермеу үшін қандай ережені қайталау керек?	Слайд 1 Смайликтер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтыңортасы Жекежұмыс (4 мин)	Жаңа сабақ: Сабақтың тақырыбымен мақсатын айқындау үшін «Жаңа білімге көпір салу» әдісі арқылы бәріне ортақ тапсырмалар беріледі.(слайд арқылы) Тапсырма 1: Оқу мақсаты:Аралас сан анықтамасын білу; Бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру; Критерийалды бағалау: Аралас санды анықтайды; Бұрыс бөлшектерді аралас санға түрде жазады; Аралас санды бұрыс бөлшек түрінде жазады; Жай бөлшектердің негізгі қасиеттерін пайдаланып, аралас сандарды бірдей бөлімге келтіреді Ойлау дағдыларының деңгейі: түсіну, қолдану 7 алманы 3 бала тең бөліп алу керек. Бір бала неше алма алады? Әр бала өзінің үлесін алу үшін алмаларды қалай бөлу керек? Шешуі: 7 алманың әрқайсысын 3 бөліккебөлу тәсілін қолданбай да, алмаларды балаларға тең бөліп беруге болады.Ол үшін, балалардың әр қайсысына 2 алмадан беріп, қалған бір алманытнң 3 бөлікке бөліп беру керек. Сонда әрбір бала 2+ /// /Жауабы: 2 /// / Дескриптор: Есептің шартын түсінеді , мәнін есептеп таба алады; Қалыптастырушы бағалау. берілген есептердің инетрбелсенді тақтада жауаптары көрсетіледі, сол бойынша тексереді. Смайликтер әдісі Кері байланыс: -есеп қиындық туғызды ма? Сұрақ арқылы мұғалім оқушылармен талдау жасап ,тақырыпты ашады.	Үлестірме қағаз Слайд 3
Топпен жұмыс (9 мин)	Жаңа тақырыпты түсіндіру: Оқушылар өздігінен оқулықтың 147-149 беттеріндегі ақпаратты оқып, талдайды, постер арқылы қорғайды. 1 топ: Бұрыс бөлшекті аралас сан түрінде жазу үшін: Бөлшектің алымын бөліміне (қалдықпен)бөлу керек Толымсыз бөлінді аралас санның бүтін бөлігі болады; Қалдық бөлшек бөліктің алымы, ал бөлгіш бөлімі болады. 2 топ: Аралас санды бұрыс бөлшек түрінде жазу үшін: Аралас санның бүтін бөлігін бөлшек бөлігінің бөліміне көбейту керек; шыққан көбейтіндіге бөлшек бөлігінің алымын қосып, алым ету керек; бөлшектің бөлімін өзгертпей, бөлім етіп қалдыру керек; 2 /арлас санның 2 саны- бүтін бөлігі, ал - бөлшек бөлігі Бүтін бөліктен және бөлшек бөліктен тұрады, сан аралас деп аталады Дескриптор: Аралас санға анықтама береді; Аралас сандарды оқиды және жаза алады; Бұрыс бөлшектерді аралас санға түрде жазады; Аралас санды бұрыс бөлшек түрінде жазады; Қалыптастырушы бағалау: әр топтын бір оқушы тақтаға шығып постерді қорғайды. Смайликтер әдісі. Екінші топ тындайды, түсінбесе смайлик көтеріп сұрақ қояды. Кері байланыс қойылған сұраққа тақтадағы оқушы немесе мұғалім жауап береді	Т.Алдамуратова, Е.Байшоланов, 2017 ж. 5 сыныпқа арналған оқулығы бойынша 147-149бет Слайд 4

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Жеке жұмыс (5 мин)	Жек жұмыс. Қарқынды саралау. (Бес минутпен уақытты шектеймін) Оқу мақсаты: Аралас сан анықтамасын білу; Бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру; Критерийалды бағалау: Аралас санды анықтайды; Бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдырады; 1 – нұсқа 1) Аралас санды цифрлармен жазыңдар: 1.алты бүтін бестен төрт: 2.сегіз бүтін жетіден үш: 2) Ит 4 секундта 47 м қашықтыққа жүгіреді. Иттің жылдамдығын аралас сан түрінде жазыңдар.2 – нұсқа 1) Аралас санды цифрлармен жазыңдар: 1.он бүтін сегізден бес: 2.жүз бүтін тоқсан екіден бес: 2) «Комета» теплоходы 5 сағатта 206 км жүзді. Теплоходтың жылдамдығын аралас түрінде жазыңдар. Оқушылар көршілерімен дәптерімен ауысып слайд арқылы есептерді тексереді. Дескриптор: Аралас сандарды цифрлармен жазады; Мәтінді есепті қысқаша түрде жазады; Жылдамдықтың формуласын қолданып есеп шығарады; Есептің жауабын аралас сан түрде жазады; Қалыптастырушы бағалау: оқушылар бір-бірімен дәптерлерін алмастыру арқылы тексереді. Дұрыс жауаптар тақтада көрсетіледі. «Смайлик» әдісі. Кері байланыс: Тапсырмадан нені үйрендік?. Нені қайталау керек? (бұрыс бөлшектерді аралас сан түріне және керісінше айналдыру алгоритмін қайталау).	Үлестірмелер Слайд 5
Ұжымдық жұмыс (1 мин)	Сегіту сәті. Дұрыс бөлшек болса, оқушылар қолдарын көтереді. Бұрыс бөлшек болса, оқушылар бастарын шайқайды. Аралас санболса, шапалақ соғады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Жеке жұмыс (7 мин)	Саралау тапсырма бойынша. Үш деңгейлік тапсырмалар әр топта жатады. Оқушылар тапсырманың деңгейін өздері таңдап орындайды. Оқу мақсаты: Аралас сан анықтамасын білу; Бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру; Бағалау критерийі: Аралас санды бұрыс бөлшек түрінде жазады; Бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдырады. Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану. А деңгейі № 417 Аралас сандарды цифрлармен жазыңдар 1)Алты бүтін бестен төрт; 3)он бүтін сегізден бес; 2)Сегіз бүтін жетіден үш; 4) жүз бүтін тоқсан екіден бес № 418 1) , , , , , , бұрыс бөлшегін аралас сан түрінде жазыңдар ; 2) Аралас сандарды сандарды бұрыс бөлшек түрінде жазыңдар/ 2 ; 4 ; 3 ; 5 ; 6 7 ; 9 ; 12 / Дескриптор: Аралас сандарды цифрлармен жазады; Бұрыс бөлшектерді аралас санға түрде жазады; Аралас санды бұрыс бөлшек түрінде жазады; В деңгейі № 427 Дескриптор: Бос орынды толтырады. С деңгейі: № 430 Аралас санды жазыңыз: Аралас санын бөлімін 8,12,28 болатын бөлшекпен жазыңдар. Дескриптор: Жай бөлшектердің негізгі қасиеттерін пайдаланып, аралас сандарды бірдей бөлімге келтіреді Қалыптастырушы бағалау: оқушылар өзін-өзі тексереді. Дұрыс жауаптар тақтада көрсетіледі. «Смайлик» әдісі. Кері байланыс: Қандай қателіктер кеткені туралы мұғалім талдау жұмыстарын жасайды.	Слайд 6
Сабақтың соңы (4 мин)	Сабақты қортындылау: Конверт – сұрақ әдісі 2-3 сұрақ жазып, конвертке саламын (оқу мақсатына қарай). Әрбір оқушыға өзінікі болатындай етіп, бірнеше конверт дайындаймын. Әрқайсысына екі минут беремін: оқушы стикерде атын және жауабын жазады; екі минут өткен соң конверт келесі оқушыға беріледі, осылай бұл 2-3 сұраққа барлығы жауап бергенше жүре береді. Қалыптастырушы бағалау: Стикерлерді жинап, бірнеше жауапты дауыстап оқиды (аттарын атамастан); сынып белгілі бір сұрақтың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды. Смайлик әдісі Кері байланыс: Қандай сұрақтар күрделі, қандай сұрақтар түсінікті болғанын сұрау арқылы талдау жасау.	Үлестіріме қағаз 5e1edc6e9e8bc.png Image not found or type unknown
Үй тапсырмасы (3мин)	Үй жұмысын оқушылар өздерінің қалауы бойынша орындайды (дереккөздер саралау) 1)№ 425 есептің ішінен қалағанша шығару 2)кейбір оқушылар интернеттен «Аралас сан» бойынша тарихи мәлімет» (дереккөзін пайдалануға болады) Рефлексия:	Слайд 7